



БҰЙРЫҚ

08.10.2015

Рудный к., Қостанай обл.

ПРИКАЗ

№ 198

г. Рудный, Қостанайская обл.

«Жаңа Серпін» қозғалысын құру туралы

«Серпін - 2050» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жаңа Серпін» қозғалысы құрылсын (бұдан әрі - Қозғалыс);
2. Қоса беріліп отырғандар:
 - 1) Қозғалыс туралы Ереже;
 - 2) Қозғалыс құрамы;
 - 3) 2015-2016 оқу жылына қозғалыстың жоспары бекітілсін.
3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Ректор



Ә. Найзабеков

«Жаңа Серпін» қозғалысының ережесі

1. Жалпы ереже

1. «Серпін - 2050» әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың қатарына кіреді.

2. «Жаңа Серпін» қозғалысының (бұдан әрі - Қозғалыс) студенттердің заңға қайшы келмейтін жалпы мақсаттары мен жетістіктеріне қол жетуге арналған студенттердің заңды тұлға құрмайтын ерікті бірлестігі болып табылады.

3. Қозғалыс өз қызметінде Институт Жарғысын, ішкі тәртіп ережесін мен ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарын және Ғылыми кеңес шешімдерін басшылыққа алады.

4. Қозғалыс Институттың өзін-өзі басқару органының бөлімшесі болып табылады.

5. Қозғалысты ректор бұйрығымен бекітілетін басшы басқарады. Қозғалыстың ұйымдастыру жетекшілігін Қозғалыс жетекшісі іске асырады.

6. Қозғалыс қызметіне еркін түрде қатысатын және осы Ережені мойындайтын Институттың «Серпін - 2050» әлеуметтік жобасы бойынша білім алып жатқан студенттер Қозғалыс мүшелері бола алады.

7. Қозғалыс қызметі оның жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мақсаты мен міндеті

8. Қозғалыстың негізгі мақсаты «Серпін - 2050» әлеуметтік жобасы бойынша білім алуға келген студенттерді рухани, мәдени және кәсіби, жан - жақты жетілдіру болып табылады.

9. Қозғалыс келесі міндеттерді іске асырады:

- институттың тиісті бөлімшелерімен бірлесіп «Серпін - 2050» әлеуметтік жобасы бойынша білім алуға келген студенттерді жергілікті және аймақтық кәсіпорындарда өндірістік практикадан өту мәселелерін шешуге ат салысу;
- институтты бітіргеннен кейін бейіндік кәсіпорындарда жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктер қарастыруға;
- қозғалыстың жұмыс жоспарын әзірлеу мен жүзеге асыру;
- бірінші курс студенттерін ақпаратпен қамтамасыз ету;
- студенттік белсенділікті қалыптастыру;
- оқу қызметінде студенттерге көмек ұйымдастыру;
- студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін ұйымдастыру;
- бірінші курс студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыру;
- спорт - сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- білім беру қызметін ұйымдастыру;
- студенттерге Қазақстан Республикасының ұлттық мейрамдарын, әдет-ғұрыптарын, салттарын, қазақ мәдениетін дәріптеуші шараларын ұйымдастыру;
- қозғалыстың атқарған жұмысы туралы тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға есеп беру.

3. Қызметтері

10. Қозғалыс төмендегідей қызметтерді атқарады:

- мәдени бағыт – бұл бағыт түрлі мәдени іс-шараларды, ән кештерді, жайдарман ойындарды ұйымдастыру және өткізуді жүзеге асырады;
- кәсіби және білім бағыты - бұл бағытта студенттерді өндірістік практикаға жіберуді ұйымдастыру, оқу барысындағы студенттердің оқу үлгерімділіктерін қадағалау, интеллектуалды ойындар және студенттердің тың жобалары, ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысуын жүзеге асыру жұмыстары қолға алынады, сондай-ақ институтты бітіргеннен кейін бейіндік кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасайды.
- рухани бағыт – бұл бағытта дәстүрлі діндерді, шежірені, ұлттық салт-дәстүрімізді, ұлттық ойындарды насихаттап, әдет-ғұрпымызды, мәдениетімізді, сақтауды, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу көзделген.
- спорт бағыты – бұл бағыт әр түрлі спорттық іс - шараларды ұйымдастыру және өткізуді жүзеге асырады.
- әр бағыттың жауапты тұлғалары тағайындалады. Олар осы бағыттар бойынша жұмыстар жасайды, жоспар бойынша іс-шараларды ұйымдастырып, оларды жүзеге асырады.

4. Қозғалыстың құқықтары

11. Қозғалыс:

- өз қызметін орындау барысында басқа да құрылымдық бөлімдерге байланысты қажетті ақпараттарды сұрауға.
- өз құзырына кіретін мәселелер бойынша басшылыққа ұсыныс енгізуге құқығы бар.

5. Қозғалыстың жауапкершілігі

11. Қозғалыс:

- осы Ережемен және Институт басшылығының тапсырмаларымен өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындауға;
- жұмыс жоспарын орындауға, шараларды ұйымдастыру мен өткізуге;
- жоспарлы және есептік құжаттамаларды уақытында тапсыруға;
- Институттың ішкі тәртіп ережелері, студенттердің ар намыс Кодексі, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және т.б. ережелерді сақтауға, жауапты.

6. Қорытынды ереже

12. Осы ереже ректор бұйрығымен бекітілген күнінен бастап күшіне енгізіледі.

13. Қажет болған жағдайда Ережені белгіленген тәртіппен қайта қарауға болады.

РИИ ректорының 2015 жылғы

«__» _____

№__ бұйрығымен бекітілді

«Жаңа Серпін» Қозғалысының құрамы

№	Аты-жөні	Тобы	Қозғалыстағы орны
1.	Алиев Оңдасын	ТЭ-15 (ко)	Қозғалыс жетекшісі
2.	Тілеубек Нариман	ГД-15 (ко)	Мәдени бағыт бойынша жауапты
3.	Есенов Фарух	ИС-15 (ко)	Мәдени бағыт бойынша жауапты
4.	Асан Айгерім	Мет-15 (ко)	Кәсіби және білім бағыты бойынша жауапты
5.	Шынболатқызы Айгерім	ИС-15 (ко)	Кәсіби және білім бағыты бойынша жауапты
6.	Сағындық Айша	ПО-15 (ко)	Рухани бағыт бойынша жауапты
7.	Түркістанбек Нұрлан	ИС-15 (ко)	Рухани бағыт бойынша жауапты
8.	Сұлтанбек Жомарт	ТТ-15 (ко)	Рухани бағыт бойынша жауапты
9.	Бектанов Бақдаулет	ТТ-15 (ко)	Спорт бағыты бойынша жауапты
10.	Күмісбек Мұхтар	ЭЭ-15 (ко)	Спорт бағыты бойынша жауапты

РИИ ректорының 2015 жылғы
 «08» _____ / 10
 №08 бұйрығымен бекітілді

**2015-2016 оқу жылына «Жаңа Серпін» қозғалысының
 жұмыс жоспары**

№	Іс - шаралар атауы	Өткізу уақыты	Жауаптылар
1	Мұғалімдер және қарттар күніне арналған концерттік бағдарлама	Қазан 2015 ж.	«Жаңа Серпін» қозғалысы, «Мәңгілік ел» орталығының жетекшісі
2	«Спорт – жанның да тәрбиесі» атты футбол турнирі	Қазан 2015 ж.	
3	Абайдың әдеби кештері	Қазан 2015 ж.	
4	Қала мешітінің имамымен кездесу	Қараша 2015ж.	
5	1 желтоқсан Президент күніне арналған пікір сайыс турнирі	Желтоқсан 2015ж.	
6	«Желтоқсаншыл жастар» ашық сабақ	Желтоқсан 2015 ж.	
7	8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне концерттік бағдарлама	Наурыз 2015ж.	
8	22 наурыз мейрамына арналған қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін ашық сабақ	Наурыз 2015 ж.	
9	Қазақстан халықтарының бірлігі күніне және Отан қорғаушылар мерекесіне арналған арналған эстафеталық ойындар	Мамыр 2015 ж.	
10	Шығармашылық іс шаралар	2015-2016 жж	
11	БАҚта мақалаларды жариялау	2015-2016 жж	

Іс шараларға қажет болған жағдайда «Мәңгілік ел» орталығын, деканаттар мен басқа қызметтерді қатыстыру.

Бұдан басқа жоспарланбаған іс шараларға қатысу.